

Ата-аналарға бастауыш сынып оқушыларын МОДО-ға дайындау бойынша кеңестер:

МОДО-ны сәтті тапсыру көбінесе ата-ананың көңіл-күйі мен көзқарасына байланысты. Балаларға жақсы дайындалуға көмектесу үшін келесі кеңестерді қолданып көріңіз:

1. Балаңыздың МОДО-да алатын балл санына қатты алаңдамаңыз. Оған балл саны оның мүмкіндіктерінің көрсеткіші емес екенін түсіндіріңіз.
2. Тест қарсаңында баланың алаңдаушылығын арттырмаңыз – бұл нәтижесіне кері әсер етеді. Жас ерекшелігіне байланысты бала эмоциясын басқара алмай, күйзеліске түсуі мүмкін.
3. Үйде сабақ оқуға ыңғайлы орын дайындаңыз, ешкімнің кедергі жасамауын қадағалаңыз.
4. Балаларға дайындық тақырыптарын күндерге бөліп жоспарлауға көмектесіңіз.
5. Тест тапсырмаларын орындау кезінде баланы уақытты дұрыс пайдалануға үйретіңіз. Егер бала сағат тақпаса, міндетті түрде тестке сағат беріңіз.
6. Балаларды жігерлендіріп, өзіне деген сенімділігін арттырыңыз.
7. Дайындық режимін бақылап, шамадан тыс жүктемеге жол бермеңіз.
8. Баланың тамақтануына назар аударыңыз. Балық, сүзбе, жаңғақ, кептірілген өрік сияқты тағамдар ми жұмысына пайдалы.
9. Тест алдында баланың толық демалуын қамтамасыз етіңіз, жақсылап ұйықтауы қажет.
10. Тесттен кейін баланы сынға алмаңыз.

Есіңізде болсын: ең бастысы – баланың күйзелісін азайтып, оған қолайлы оқу жағдайын жасау.